

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҚОРҚЫТ АТА МҰРАЛАРЫ

Джумалиева.Л.Т.

Используя исторические материалы об археологических экспедициях тюрков, в данной статье описано о древних тюрках, о новых взглядах на историю и культуру казахской земли, которая является родиной великих тюрков. Коркыт жил 9-10 века, он был исторической личностью. До сир пор остается мифы о Коркыте, его исполнении произведений на кобызе.

Using historical materials on archaeological expeditions Turks, described in this article about the ancient Turks, new views of history and culture of the Kazakh land, which was the birthplace of the great Turks. Korkyt lived in 9-10 centuries, was a historical personality. Until sire remains myths about Korkyt, his performance of works on Kobyzev.

Еліміздің мемлекеттік егемендігін жариялауы және осыған орай орныққан жаңа әлеуметтік-саяси ахуал қоғамның да, оның азаматтарының санасында түбегейлі өзгерістер туғызды.

Осындай, кезеңде мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңесте «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыруының» жасалынып, онда тарих ғылымының алдында тұрған міндеттер белгіленген болатын. [1]

Сол міндеттердің бірі - ел тарихы мен оны мекендеген әр түрлі этностардың ара жігін ажырата отырып, Қазақстандағы этникалық топтардың тарихын зерттеуге жеткілікті көңіл бөлу қажет деп атап көрсетілген. Осыған орай соңғы жылдары тарихи тақырыптарға арналған кітаптар, оқулықтар мен оқу құралдарды, монографиялар, ғылыми еңбектер мен мақалалар көптеп жарық көре бастады. [2]

Халқымыздың тарихи санасын қалыптастыруда Қ.Аманжолов, Қ.Рахметов 1996 жылы жазған «Түркі халықтарының тарихы» атты оқу құралының да орны ерекше. Бұл еңбекте хундардың, түркілердің, моғолдардың этникалық құрамы, мекендеген жерлері, ұлттық даму кезеңдері туралы жаңа көзқарастарды байқауға болады.

Тарихи жазбаларда кездесетін он екі тайпа түркі елі деген атауға сүйенсек, авторлардың түркі этногенезінің дамуының екі сатысы туралы берген түсініктеріне зейін қойғанымыз орынды.

Мәселен, түркі этногенезінің бірінші сатысы-олардың дербес халық болып тарих сахнасына шығуы, әсіресе өзінің тарихи орнын сақтап келе

жатқан, төрт тайпа түрік этногенезін түркілер, қыпшақтар, телелер немесе оғыздар атауымен сипатталынады. Түрік этногенезінің екінші сатысы- түркі тайпаларының дербес мемлекет ретінде қалыптасты.

VI-IX ғасырларда түркі көшпелі тайпалары өздерінің байланыстарын одан әрі жақсартып, бірнеше мемлекеттер құрады: Шығыс түркі қағандығы, Батыс түркі қағандығы, Қарлұқ қағандығы, Қырғыз-ұйғыр-қарахан мемлекеті, оғыздар мемлекеті болды.[3]

Орта Азия мен Қазақстан жерлеріндегі VIII-X ғасырлардағы Қорқыт дәуірін арнайы зерттеудің бірнеше себептері бар:

Біріншіден, көне түркілер тарихының Қорқыт дәуірінде түркі тайпалары жаулап алған жерлерінде бір империяға бірігу және ыдырау процестері тоқтамау нәтижесінде, Еуразия аймағында күшті оғыздар мемлекетінің құрылуы мен және оның күйреуімен сипатталынады.

Екіншіден, Қорқыт дәуірінде Сырдария қалалары қуаттанып, қала мәдениетінің көркеюінде.

Үшіншіден, Қорқыт өзі өмір сүрген дәуірде түркі халықтарына өлмес мұра қалдырып, ол ғасырлардан ғасырға өткен сайын түркі әлеміне рухани байлық болып жетуінде.

Сонымен, түркі әлемі және Қорқыт дәуірі тақырыбына арналған зерттеулер зиялылықты сақтауға, халқымыздың рухани көңіл-күйін көтеруге, өмірлік құндылықтар мен бағдарламалардың белгілі жүйесін қалыптастыруға қажет болатыны ақиқат. [4]

Өйткені, XI -ғасырда өркениетті дамудың тиімді нысандарына қол жеткізу үшін түркі әлеміне және қазақ халқына азда болса да қызмет ететін болады.

Осы орайда, егеменді еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы үлкен ой салады. Онда еліміздің қолындағы сегіз артықшылығымен үш мүмкіншілігі айтылған.

Солардың ішінде, еліміздің егемендігі, халқымыздың рухани байлығы, табиғи ресурстарымыздың молдығы, қоғамымыздың саяси тұрақтылығы мен бірлігі, азаматтардың байсалдылығы мен төзімділігі.

«Біздің басты оң игілігіміздің ішінде,- деп айрықша атап көрсетеді Президент,- халқымыздың немесе былайша айтқанда, адам ресурстарының сапасы тұр. Біздің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары білім өресі биік халқымыз бар. Көптеген елдерде бұл жоқ, әрі олар осындай санаға жетуді, өздерінің стратегиялық мақсаттарының бірі санайды». Әрине халқымыздың бұл санасының қалыптасуын Қорқыт дәуірінен бастап зерттеуіміз қажет болады. [5]

Біздің осындай артықшылықтарымызбен қатар, Қазақстанның мүмкіншіліктерінің мол екендігінде. Ел Президенті Қазақстан халқына Жолдауында бірінші мүмкіндік еліміздің Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан туындайды деген.

Бұл мүмкіншілікте көне түріктер тарихы және Қорқыт дәуірінен бастау алып, тек ХІ-ғасырда іске асқалы отыр. Оған 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030» Жолдауының ұзақ мерзімді басым мақсаттарымен оларды іске асыру стратегиясы дәлел бола алады.

Тарихи және этнографиялық зерттеулердегі, көне жазбалардағы абыздар жөніндегі мағұлматтар мен айғақтар; Әбу Насыр Әл-Фарабидің трактаттары, көне түркі жазба ескерткіштерінің, «Қорқыт Ата» кітабының, «Алдаспан жинағына» енген бірнеше толғаулардың, Қорқыт және абыздар бейнесі бар авторлық шығармалардың, Қорқыт бейнесі бар күй аңыздардың мәтіндері мен Қорқыт күйлерінің музыкалық мәтіндері басты дерек көздері болып табылады.

Қазақ әдебиетіндегі саз бен сөздің көне тұтастығы олардың қазіргі жанрлық атаулары мен көркемдік категориялардың бірлігінен, ырғақтық өлшемінің сәйкестігінен, бірінің орнына бірі алмастыра қолданылуынан көрінеді.

Қобыз өзінің тарихи дамуы бойында ірі қоғамдық-әлеуметтік қатынастың, танымдық-ағартушылық қызметтің, емшіліктің құралы болды. Ең соңында эстетикалық функция иеленді.

Сондықтан, Көне түркі қағандарының ақылшысы болған Тоныкөк пен Қорқытты ең көрнекті өкілі деуге болады. Қорқыт Ата-көшпелі тұрмыстың әлеуметтік жүйесін реттеуші, ақылгөй дана тұлға.

Қорқыт мұрасын сақтауда ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші— жырау-бақсылардан бастап ақын-жыршылардың жазушылардың күйшілердің шығармашылығының мән-мазмұны мен өнеріндегі рөлі зерттелді.

Қорқыт мұрасындағы абыздар дәстүрі туралы Қорқыттың тарих және өнеріндегі рухани тұлғасы әр түрлі аспектіде зерделенді.

Қорқыт мұрасы қай заманда болса да рухани қазыналарымыздың рухани мағынасы, зор асыл бөлшегі ретінде бағалауға тұратын дүние.

Себебі, ежелгі мәдениетке тән синкреттік формада қабысқан даналық ой мен терең сезімді қатар ұстайтын принципке негізделген Қорқыт Ата мұрасы танымның ерекше түрі болып табылатын дін, өнер және халықтың философиялық дүниетанымын суреттейтін ауыз әдебиеті сияқты руханиет ұғымының бірнеше арналарымен тоғысады.

Сондықтан, Қорқыт Ата мұрасын абыздардың шығармашылық дәстүрі-бақсы, жырау, жыршы, пәтіуа сөйлеген би, күйшілерден де көп ерте дәуірден бастау алады.

Бұлай дейтін себебіміз, абыздың бойында, бақсыға тән қобызбен сәуегейлік құруы да, жыраудың тағылымдық, танымдық үгіт-насихаты да, күйшінің күй толғауы да, әлеуметтік заң айтқан бидің шешендігі сияқты синкереттік тұтастықта ғұмыр кешкен руханиет ұғымының бірнеше арналары бой көрсетеді. [6]

Осыған орай, тағдыры бөлек болғанымен, өмірдің тауқыметін қабылдау принципі ортақ руханиет адамдарына тән психологиясымен ерекшеленетін шығармашылық дәстүрдің жолын салған Қорқыт мұрасы, бүгін де қазақ халқының ұлттық әдебиеті мен өнер тарихында рухани алыптар қатарында орын алып қана қоймай, оның асылын негізін қалайды.

Себебі, қазақ халқы көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының қонысына мирас болған, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жыр аңыздармен бірге, оның қара қобызында ойнау дәстүрі мен 11 күйі бұрынғы оғыз билеушілерінің астанасы болған, Сыр бойында қазіргі Қызылорда облысында сақталынып, ұлттық мәдениетіміздің қымбат мұрасы ретінде бағаланып отыр.

Осыған орай, біріншіден, Қорқыт қазақ музыка тарихында күй жанрының негізін қалаушы.

Екіншіден, жыраулар творчествосында олардың ұстазы.

Үшіншіден, қазақ халқының көне мәдениетінде елеулі орын алған наным-сенім ұғымымен байланысты бақсылардың көзқарасында медет тілейтін пірі болған.

Көне түркілік дәуірден белгілі болған Қорқыт Атаның сәуегейлік қасиеті тек Ислам діні келген кезде емес, адамзат тарихымен бірге жасасып келе жатқан құбылыс.

Қорқыт жайлы деректердің әрқилы болғанына қарамастан, біздің алдымызға қойған мақсатымыз Қорқыттың рухани мұрасы болған оның күйлері мен «Қорқыт Ата» кітабындағы философиялық ой-толғамдары арқылы рухани тұлғасын интуитивтік сана-сезім тұрғысынан ашып көрсету.

Біздің ұлттық салт-дәстүрімізде тасқа таңба басқандай санамызға терең із-қалдырған Қорқыттың шығармашылық жолы ұлттық руханиетіміздің асылы деуге болады. Сондықтан рухани дүниетанымымыздың асылы болған өнеріміз бен тарихымыз және діни-наным сеніміміздің басында Қорқыт мұрасы тұрады.

Егер қазақ халқының да ұлттық руханиет тарихында басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән хас ерекшелігімен қалыптасқан десек, Қорқыт тұлғасы рухани қазыналарды туғызушы, оны халыққа үйретуші рухани тұлғалардың дүниеге келуінен бастап өмірінің соңына дейінгі тыныс-тіршілігі, мифологиялық таным-түсініктермен, сол түсініктерді қалыптастырудағы символикалық ұғымдарымен тығыз байланысты.

Қазақтың абызы болсын, би-шешендері мен батырлары және күйші жыраулары, дүкен ұстаған ұсталары туа бітті қабілет қарымымен, ерекше болмысымен басқа адамнан биік тұрған.[7]

Халыққа үгіт-насихат беріп, елдің эстетикалық түйсік-талғамын тәрбиелеп, елін жерін жаудан қорғаған тұлғаларына туған халқына құрметпен қарап, олардың ағартушылық зиялы қасиетін «Құдайдан берілген» деп бағалаған. Яғни қазақ халқының әлемді танудағы дүниетанымы, мифологиялық түсініктермен қалыптасқан.

Бұл жайында Басиловтың «Шаманское ритуальное врачевание-это архаическое форма психотерапии. В отличие от современного врача, владеющего опытом психотерапевтического воздействия, шаман выступает не от своего имени, за шаманом стоят высшее- деген пікірі дәлел бола алады.

Ал, қазақтың бақсылары оқып емес, тек қана үлкен рухани күшпен ғана емдейтінін, халық өте жақсы білген. Сол абыздарда болған сәуегейлік қасиет бақсыларға бұйырған. Қорқыттың қобызы жайлы деректер мен оның он бір күйі, ең соңғы, көзі зағип болған Нысан абыздың қобызшылық дәстүрімен бізге жеткен еді. Бақсылардың тағы бір ескере кететін тағы бір ерекшелігі-өздерінен бұрынғы өткен ескі бақсылардың тарихын жақсы білген.

Нысан абызда өзін таныстырмас бұрын: «Қорқыт еді ежелден-ақ күй иесі»- деп бастаған өлеңінде өзіне дейінгі көптеген рулардың бақсыларын: Есеқай, Тұрғанбай, Адасқан, Қойлыбай, Қытыбайларды атай отырып, өзі жайлы «Бала күйші мен едім, қай бақсыдан кем едім», -деп күй тартуға кірісетін болған.

Абыз тұлғасын әңгіме еткенде, оның айнымас серігі «қобызға» да тоқталудың қажеттілігі туады. Өйткені, қобыз қазіргі біздің қабылдауымыздағы сияқты музыкалық аспап қана емес, абыздардың аса маңызды атрибуты болып табылады. Ақиқатты тануда ұлы болжам сөйлеуде абыздың қобызы дәнекерші-медитациялық құбылыстың негізгі кілті болған.

Қазіргі көптеген өнер, әдебиет жанрлардың негізінде көне қобыз күйлері жатқаны ақиқат. Алайда осы өнер, тұтастығын өз болмысында, толыққанды түрде көрсетіп беруге, бір ғана өнертану мен тарих ғылымының қарымы жетпейді.

Оны этнография, тарих, музыка тану, философия ғылымдарының жәрдемімен ғана кешенді түрде ғана абыздың көп қырлы бітім болмысын, шығармашылығын, поэтикалық қасиеттерін аша аламыз. [8]

Бұл ойымызды М.Әуезовтің мынандай пікірі растайды: «Көп бақсының жын шақырғанда тартатыны «Қорқыт күй». Бақсы сарыны арнаулы күймен қобызға қосылып айтылады. Күй-ән жырдан бөлек. Бақсы атуалының барлығы да қобызбен Қорқыт күйінде жат сезімді күйлерді тартқан соң, соған дағдылы сарын сөздерін қосып, сарнаған соң күйіне келеді.

Күй мен сарын бақсының сүйеуі, қызулы толғақты халге жеткізіп, көреген сәуегей қылуға себеп болатын ең үлкен шарты деп растайды. Мазмұны жағынан Қорқыт күйлері ертеден келе жатқан күңіренген, толғанған суық сарынды боздауық күйлер болып келеді. М.Әуезов осы пікіріне арқа сүйей отырып, мынандай ғылыми түйіндердің негізін түйюге болады.

Біріншіден, Қорқыттың қара қобызы мен күйі –бақсыны басқа әлеммен, жалғастырушы дәнекер.

Екіншіден, оның характері М.Әуезов айтпақшы, мазмұны: «күңіренген, толғанған суық сарынды боздауық» күйлер екен. Олай болса, Қорқыт күйлері эстетикалық функция атқарған көркем шығармадан гөрі, мазмұны терең толғау жанрына жақын мистикалық шығарма десек болады.

Бұл ойымызды дәлелдейтін қобыз аспабының шығуына қатысты және Қорқыттың философиялық дүниетанымын суреттейтін, аңызға мән беруге болады. Қорқыт түс көреді. Түсінде оған көр қазып жатқан адамдарды көреді. Бұл түс Қорқыт үшін Тәңірінің аяны болып, Қорқыт дүниенің төрт бұрышын кезеді.

Қай жерге барса да осы түсті көреді. Амалы таусылған Қорқыт өзінің әу бастағы жеріне келіп, астындағы желмаясын сойып, қобыз жасап, Сыр суының үстіне кілем төсеп, өлгенше қобыз ойнайды, қобыз ойнап отырған кезде оған ажал келе алмайды»-дейді.

Біріншіден, қазақтар қобыз аспабы бар екені рас және «күй атасы Қорқыт», «Қобызды алғаш жасаған Қорқыт», - деп біздің дәстүрлі өнеріміздің табиғи болмысын сақтай білген ескі абыз жырауларымызбен би-шешендеріміз, бақсыларымыз бен күйшілеріміз, жыршыларымыз оның рухани үрдісін шығармашылық дәстүрінде жалғастыра білді.

Қорқытты қобыз жасауға итермелеген оның түс көруі. Өзінің дүниеде өлетінін алдын алу білу ерекше рухани тұлғаларға ғана тән нәрсе. Барлық пайғамбарлар Әзірейіл періштемен жан берердің алдында бірер-ауыз тілдесетін болған.

Бұл құбылыс интуитивтік сана сезімнің иелері- әулие әмбиелер, пайғамбарлар машайықтардың көңіл-көзінің ашық болуымен және Тәңірінің қуатты заңдылығымен үйлескен, рухани кемелденген адамдарға тән нәрсе. Тағы Қорқыттың дүниенің төрт бұрышын кезуі-бұл да рухани қажеттіліктен туған нәрсе.

Осы аңыздарды жазып алған ғалымдардың «Қорқыт ажалдан қашып жүріпті»- деп айтуы Қорқытқа тән көзқарас емес, кейінгі зерттеушілердің халық аңыздарынан түйген ой-пікірлері.[9]

Тәңіріні табу, онымен үндесу оңай шыға салатын жол емес, оның жолында талай сынақтардан өту және құпия, тылсым сырларды, сол сынақтарды жаратушы түп иенің заңдылықтар-мифологиялық символдарды жоруға тәрбиелейді.

Дүниенің төрт бұрышын кезу-арқылы интуитивтік сана-сезімнің иелері рухани жасампаздық қасиетін шыңдап қана қоймай, өздерінің руханиет тарихында орындайтын функциясына ие болады. Қорқыттың астындағы Желмаясын сойып, оның терісімен қобызды қаптауы да жәй құбылыс емес.

Жаратқан иенің жолына астындағы жалғыз көлігі-«Желмаясын» союы-Тәңір жолына құрбандық шалуы.

Түп иенің жолына құрбан шалу-Тәңіріні мойындаудың, оның жолына түсудегі ең міндетті іс. Ибраһим пайғамбардан қалған дәстүр. [10]

Қорқыт күйлерінде кез келген тыңдаушыны терең ойға жетелейтін күш бар. Қорқыт жайлы аңыздарда кездесетін Тәңіріден келген өлімге іштей келіспеушілік сюжеті бүкіл адамзат тарихында баяндалған пайғамбарлар тарихында болған уақиға. Алланың Әмірімен төрт адам тірі кеткен:

Олар Иса рухы Алла, Ыдырыс Набиолла, Ильяс пен Қызыр Әлейһиссалам, деп жазады Рабғузидің «Қисса-сұл әнбап» кітабында.

Ал, теңізде жүретін Ильяс пен шөлде жүретін Қызыр, яғни өлмес ғұмыр іздеу мұсылман дінінің тарихында да кездеседі. Сондықтан, өлмес өмірдің дауасын өнермен ұштастыруы да үлкен мистикалық құбылыс.

Бірақ, Қорқыт-қазақ өнерімен әдебиетінің ең ертедегі рухани алыбы, жасампазы, мұндай тұлғаларды мәдени қаһарман деп атайды. Оның шығармашылық дәстүрі ерте замандағы архайкалық дәуірдегі мифтік сана-сезіммен, мифологиялық таным түсінікпен байланысты.[11]

Қорқыттан қалған және ол жайындағы рухани-фольклорлық мұралардың бір кезеңдерде тұтастықта қызмет атқарғаны олардың жанрлық атауларынан және бұл шығармалардың орындалуындағы кейбір ерекшеліктерден өз белгісін көрсетеді.

Қазақ мәдениеті тарихы үшін, әсіресе «Қорқыт Ата кітабы» мен Әбу Насыр Әл Фарабидің орны бөлек. Оғыз-Қыпшақ мәдениетінің өрлеу дәуірінің тамаша куәларын жалпы шығыс ренессансы кеменгерлеріне ұштастыра қарастыру орынды. Қорқыт есімі-түркі тектес халықтар арасында кеңінен мәлім «Қорқыт Ата кітабы»- түркі елінде кең тарап келген аңыздар негізінде XI-ғасырдың шамасында жазылған шығарма. Қорқыт-тарихта болған өнер иесі. Заманының ақсақал-биі, батыры, даңқты ақылгөй адамы.

Зерттеушілердің пікірінше, ол оғыз-қыпшақтардың Баят-Қият руынан шығып, 8-9- ғасырларда өмір сүрген. Қорқыт істерін әр халық әр түрлі аңыз еткен, оның атын әулиелер қатарына қосқан. Қазақ аңыздарында да Қорқыт көп жасаған, көреген, ақыл иесі дана, ел мұңын жырлаған күйші, қобыз өнерінің атасы болып келеді.

Қорқыт Ата кітабын тұңғыш зерттеушінің бірі неміс ғалымы Н.Ф.Диц өзінің «Аталар сөзі» атты жинағында Қорқыттың әкесі Қармыш немесе Қырмыш, шешесі диб, пері қызы деген аңыз бар дейді және оны үш жүз алпыс алты алып батыр, жиырма төрт бек, отыз екі даңқты сұлтандар шыққан, оғыз тайпасының өкілі дей келіп, көп халықтардың әулие тұтатынын ескертеді. Ал, оғыздар 9-10-ғасырларда ірі мемлекет құрған.

Олар Алтайдан Батысқа қараған кең өлкені Орта Азия мен Кавказ жерлерін түгел дерлік өзіне қаратқан. Соның ішінде, кейін қырғыз, қазақ, түрікмен, өзбек, әзірбайжан аталып кеткен халықтар да бар.

Сондықтан «Қорқыт Ата кітабын» сол халықтар арасында кең тараған ескі аңыз сюжеттерінің негізінде жасалды деуші ғалымдардың пікірлерін қостамасқа болмайды. Мысалы, ғалымдар В.В.Бартольд, А.Ю.Якубинский, В.М.Жирмунскийлер болды.

Ал, осман түріктерінің ұлтжанды тарихшылары «Қорқыт Атаны» иеленіп, өздерінің 15- ғасырда жасаған аттас сұлтандары (2- Баязит балалары-Коркут, Огуз) есімдерімен орынсыз байланыстырады. Мұны әйгілі ғалым В.М.Жирмунский өзінің «Оғыздардың қаһармандық эпосы және Қорқыт кітабы» атты еңбегінде келтіреді.

Кеңес ғалымдарының болжауынша «Қорқыт Ата кітабы» бір мезгілде жазылған не бір ғана оқиғаға байланысты пайда бола қалған шығарма емес. Ол ең алдымен халықтардың ауыз әдебиетінде ғасырлар бойы айтылып келген аңыздар мен жырлар негізінде қалыптасқан, ұзақ жылдарды қамтитын, тарихи ерлік кезеңдердің туындысы, В.М.Жирмунский пікірінше, қазір көпшілікке мәлім «Қорқыт Ата кітабына» кірген жырлар басқа да эпостар сияқты күрделі де ұзақ сапар шегіп, талай заманның өңдеу-жөндеулерінен өтіп жеткен.[12]

Қорқыт әлемі Кіші Азия, Орта Азия, Әзірбайжан, Қазақстан, Түркия, Кавказ елдеріне тегіс мәлім. Қазақ арасында кеңінен тараған аңыздарда

Қорқыт әртүрлі бейнеде көрінеді. Мысалы, Шоқан естіген аңызда Қорқыт–қазақтардың бірінші бақсы шаманы, елге қобыз үйретуші ұстазы, өлең саздың шебері.

Г.Потанин Қорқытты–қазақтың тұңғыш жырауы десе, ал И.Кастенье Қорқытты қазақтың қобызға үйретуші, өнерпаз, ұстаз балгер деп танытқан.

Қорқыт туралы аңыздардың біразын Ә.Диваев жазып алған. Ол Қорқыттың моласын **1898 жылдары** тауып, суретке түсіріп, көптеген мәліметтер жариялаған. «Мола туралы бірер сөз» деген еңбегінде ол: Қорқытты қазақ әулие тұтады, моласына түнейді-дейді. Қазақтар арасында көп тараған аңыздың бірі, Қорқыттың өлімі туралы В.Вельяминов-Зернов оның бірін 1867 жылы қазақтардан жазып алған. Ол, Қорқыттың өлімнен қашып, ақыры Сыр суының үстіне кілем төсеп, отырып, өлімді өзіне жолатпай, 100 жыл өмір сүргенін, оның бойының ұзындығы екі сажын болғанын аңыздайтынын айтқан.

Осы аңызды И.А.Кастанье да естіп жазып алған.

Бұл сияқты аңыздардың бір түрін П.С.Спиридинов Төлес Айшуақовтан 1899 жылы жазып алған. Қазақ жерін көп аралап, бағалы этнографиялық деректер жазып қалдырған И.В.Аничков та Қорқыт қабірін көріп, Сыр қазақтарынан ол туралы көп мәліметтер жазып алған.

«Қорқыт Атаның» сюжетін 1921 жылы Ғалымжан Шарипов, Қазан қаласында «Арслан бек» деген атпен қысқаша баяндап шығарды. Бірақ аталған басылым тым еркін болғандықтан, ғылыми жағынан маңызы аз дерлік еңбек болды. Жоғарыда аталған зерттеушілердің бәрі де қазақ еліне тараған Қорқыт Ата туралы мұсылман дінінен әлдеқайда бұрын шыққандығын атап көрсетеді.

Қазіргі қазақтың көрнекті әдебиетшілерінің де көпшілігі, Қорқыт туралы аңыздарға тиісті дәрежеде көңіл бөліп отырды. Әсіресе, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, А.Жұбановтар Қорқыт аңызының мазмұны негізінде қазақ халқының да болғандығын растаған.

Осыған орай, Сыр бойындағы Қорқыт қабірінің жанынан 1980 жылы үкіметіміз ескерткіш орнатты. Оған Қызылорда облысының сол кездері 1-хатшысы болған С.Шаухаманов көп еңбек етті.

Қазақ жырларының ішінде «Қобыланды», «Алпамыс» сияқты жырлардың көптеген оқиғасы «Қорқыт Ата кітабына» ұқсап, жататын 1947 жылы жазған бір мақаласында Ә.Қоңыратбаев айқын көрсетеді. «Қорқыт Ата кітабындағы» Қазан мен Қобыландының елін сүйюі, шабылған жұртын азат етулері де ұқсас.

«Қорқыт Ата кітабында» қазақ аңыз жырларындағыдай ұғымдас болып келеді. «Қорқыт Ата кітабындағы» Бейректі тұтқыннан босату эпизоды да «Қобыланды» жырындағы батырлардың Көбікті тұтқынынан босағандар сияқты, Қорқыт эпосының 7- жырында Дирек деген алып батыр бейнеленеді.

Қазақ жырларында кездесетін белқұда, бесік құда салты «Қорқыт Ата кітабында» да орын алған. «Қорқыт Ата кітабында» нақыл сөздер де көп кезігеді. Олардың мазмұны жалпы адамгершілікке тәрбиелейді.

Ең бір таңғаларлық жағдай «Қорқыт Ата кітабының» тілі қазіргі қазіргі қазақ тіліне аудармасыз-ақ түсінікті. Біз Анкара, яғни Түркия қаласында 1964 жылы басылған «Қорқыт Ата кітабының» түп нұсқасын оқып көрдік. Киіз үй жабдықтары, мал аттары, үй саймандары, адамның, малдың әрекеттері қымыз пісіліп, қанын ішіп қызған беттердің дау-дамайлар көріністері Қорқытты қазақтарға мүлде жақындата түседі.

1970 жылдың аяғында «Қорқыт жырларының» көркемдік сырын ашуға жас зерттеуші Ш.Ыбыраев үлкен мән беріп, осы жырдың поэтикасын тән құбылыстарды айқындап, ауқымды да маңызды еңбек жазды.

Қорқыт туралы аңыз және Қорқыттың бейнесі түркі фольклорымен айналысқан зерттеушілерді толып жатқан сырларымен, философиялық тереңділігімен қызықтырып жүр. Фольклоршылардың күні бүгінге дейін бір қорытындыға келе алмай, шешімін таба алмай жатқан мәселелерінің бірі— Қорқыттың мифтік әлде тарихи кейіпкер болғандығы.

Түркілердің орта ғасырлардағы «Кітаби дедем Қорқыт» атты жырында Қорқыт ел ағасы, алыстағыны болжағыш дана қарт есебінде суреттеледі. «Ол дүниедегі бар нәрсені білген, оның айтқан сөзінің барлығы келетін.

Ол болашақта болатын, өзгелер үшін құпия сырларды құдай тағаламнан естіп, жұртқа жеткізіп жүрді». В.Бартольд «Кітаби дедем Қорқыттағы» Қорқытты, негізінен, жыршы деп атайды.

Сонымен қатар, В.Жирмунскийдің айтуынша Қорқыттың Оғыз еліне жүргізген билігі және Қорқыт абыз болған. А.Боровковтың «Қорқыт» сөзінің этимологиясына байланысты пікірін келтіреді.

12-13- ғасырларда Орта Азияда жазылған еңбектің лексикасын қарастыра келе, А.Боровков, «қорқ» сөзінің бірнеше мағынада қолданылғандығын, «қорқутған», «қорқутғучы» сөздерінің «ақыл айтушы», «насихат айтушы», «елші» мағынасында шын аты емес, лақап аты болып шығады.

Сөз орайы келіп тұрғанда мына бір жәйтты ескере келіп, айтуымызға болады. «Деде Қорқыт» дегенді зерттеушілер «қария Қорқыт» деп түсіндіріп жүр. Армияндар импровизатор ақындары «яншаг», «варсаг», «ата», «деде» деп атайды.

Армян фольклорының түркі халықтары фольклорының күшті дамығандығын ескере отырып, армян тілінде түркі жырауларының «ата», «деде» деген ескі атаулары сақталып қалды деп айтуымызға әбден болады. [13].

Ендеше «деде Қорқыт», «Қорқыт Ата» деген сөздер фольклорлық дәстүрде білге қаған немесе насихат айтушы деген жырау деген сөз болып шығады.

Қорқыт халық ұғымында ел түсер аурытпалықты күні бұрын болжайтын сәуегей оның тағдырын ойлап, түн ұйқысын төрт бөлген философ, замана сырымен шындығын қыл ішекті қобызында сөйлеткен асқан музыкант, халықтың басынан кешірген не түрлі тарихи кезеңін өлең сөзбен баяндаған жырау деп жазады Ж.Ырсалдин.[14]

Бақсы типі және шаманизм діні алғашқы таптар дәуірінде қалыптасқанын біраз мағлұматтардан көруге болады. Осы дәуірде орын алған ірі өзгерістер ата бабаларымыздың өз ізін қалдырмай қоймайды.

Қорқыт Ата ұзақ жылдар бойы түркі тайпаларының арасында жүріп, ұрпақтан - ұрпаққа таралған оғыз батырларының жырларын айтқан.

13 ғасыр бойы түркі әлемімен біте қайнасып, оның қуанышы мен қайғысын бірге бөлісіп, сырласып, үндесіп келе жатқан ұлылық пен даналық мұрасы «Қорқыт Ата кітабына» 1999 жылы 1300 жыл толды.

ЮНЕСКО ұйымының шешімімен Францияның астанасы Париж қаласында «Деде Қорқыт және жаңа мың жылдық» атты халықаралық симпозиум, Алматы қаласында «Қорқыт Ата кітабының» 1300 жылдығына арналған ғылыми – практикалық конференция өтті.

Осыған орай Қорқыт Ата энциклопедиясының қазақ және орыс тілдерінде жарық көруі егеменді еліміздің, бүкіл түрік әлемінің әлеуметтік-мәдени өмірінде елеулі оқиғаға айналды.

Осындай халықаралық конференциялар мен фестивальдар Әзірбайжан, Түркмения, Түркия және басқа елдерде де өткізілді. Қорқыт мұраларына дүние жүзі түркологтарының назары жылдан жылға арта түсуде.

Бұған дейін профессор Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми еңбектеріне негізделген Қорқыт жылдары бойынша арнаулы курс ретінде дәріс беріліп келеді. Түркология ғылымында көптен зерттеп жүрген мәселелердің бірі оғыз-қыпшақ ұлысы және сол дәуірден жеткен әдеби мұралардың қазақ мәдениетіне қатыстылығы. Осы орайда ғалымдардың назарын аударып жүрген «Оғызнама» мен «Қорқыт Ата» кітабын айрықша атап өтуіміз керек.

Бұл жазбаларда оғыз тайпаларының тарихы, қоғамдық әлеуметтік құрылысы, тұрмысқа қатысты деректер көптеп кездеседі.

Сыр бойындағы оғыз ұлысына да қатысты деректер көптеп кездеседі. Сыр бойындағы оғыз ұлысына қатысты деректерді біз А.Якубовский, Қороғлы, С.Ағаджановтың еңбектерінен табамыз. Бұл кезеңнің тарихи мәдени кезеңдері Ә.Қоңыратбаевтың зерттеулерінде кеңінен тоқталған.

Қорқыт Ата, өз халқының тағдыры туралы толғанып, ұлттық болмысты тұтастай сақтап, өміршеңдігінің жолбасшы негіздерін салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың канондалуы арқылы ұсынылып, бабамыз салт-дәстүр құрылымын толықтырушы, жүйелеуші, дамытушы түрінде көрінеді.

Қорқыт Атаның рухани мұрасындағы дүниеге мифологиялық, діни көзқарас ерекшеліктерінің жиынтығы негізіндегі ой-толғамдардың түпкі мәнінде ақиқат өлшемдеріне сай, парасатты ой кешулер тұрғысынан қарастыруды, бұған дейін шаман, қобызшы, жыршы ретінде ұғынылып жүрген бабамызды дана, ірі ойшыл тұлға, философ ретінде өзіміз танудың және бүкіл әлемге танытудың қажеттілігі оның туындыларын жоғары деңгейдегі ой таразысына талап етеді.

Қазіргі заман үшін Қорқыт Атаның рухани мұраларын игеру және өз мәнінде түсінудің маңыздылығы тәуелсіз Қазақстанның дамуының тарихилық принциптеріне өз үлесін қоса алумен ерекшеленеді және қазақ мәдениетін әлемге танытудың салмақты айғақтарының бірі болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Ыбыраев Ш.Тәңірлік дін өкілі// «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.-800 б.
2. Марғұлан Ә. Қазақтың халық музыкасындағы Қорқыт дәстүрі. Ежелгі жыр-аңыздар-Алматы: Жазушы, 1985-368 б.
3. Уақатов Б. Бақсылар сарыны қазақтың халық өлеңдері - Алматы: Ғылым, 1974.-288 б.
4. Дербісалин Ә. Оғыздардың батырлық эпосы. Алматы. 1993 ж
5. Ысқақов Б. Қорқыт Ата кітабы. Алматы, 1994 ж 45 б
6. Әбілғазы Ә. Түрік шежіресі. Алматы, 1992ж 52 б
7. Әуезов М.Қорқыт.Әр жылдар ойлары. Алматы. 1959 ж 58 б
8. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы, 1994 ж. 12 б
9. Кеңжетай Д.Қожа Ахмет Иассауи дүниетанымы-Түркістан: Тұран, 2004.- 341 б.
10. Өмірәлиев Қ. 7-12 ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері-Алматы: Мектеп, 1985.-128 б.

11. Кенжебаев Б. Қисса-сұл Әнбия Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері— Алматы : Ғылым, 1973.-168 б.
12. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том- Алматы: Жазушы, 2002.-336 б.
13. Уақатов Б. Бақылар сарыны қазақтың халық өлеңдері-Алматы: Ғылым, 1974.-288б.
14. Қасқабасов С. Фольклордың қазіргі өмірдегі орны фольклор шындығы- Алматы: Ғылым, 1990.-264 б.